

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің "Қару-жарак" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы <\*> ЕСКЕРТУ. Атауы өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 278 қаулысымен. ~P990278**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1771

Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеттің Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрамына енгізілуі және қызмет аясының кеңеюіне байланысты, шет елдермен әскери-техникалық ынтымақтастық жүйесін жетілдіру, қорғаныс-өнеркәсіп кешені құрылымы мен оны басқаруды одан әрі қалыптастыру, әскери-техникалық мақсаттағы өнімдерді, стратегиялық шикізат пен материалдарды рынокқа тиімді ұсыну мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қайта ұйымдастырылған " Қазвоентехимпекс" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің "Ұлан " сыртқы сауда компаниясын біріктіру жолымен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қару-жарак" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Кеңсесі мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын орган деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 278 қаулысымен.

Р 9 9 0 2 7 8 \_

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысаны болып мыналар айқындалсын:  
қару-жарак пен әскери техниканы, әскери-техникалық мақсаттағы, оның ішінде қос мақсаттағы өнімдерді, стратегиялық шикізат пен материалдарды кәдеге жарату, әзірлеу , өндіру, жөндеу, сатып алу және сату;  
босаған әскери-техникалық құралдарды, әскери және ғарыштық мақсаттағы түсті және қара металдардың сынықтарын жинау, жою (құрту, кәдеге жарату, көму), ұқсату ж ә н е о л а р д ы с а т у ;

Қазақстан Республикасы мен шет елдердің өнеркәсібі қорғаныс салаларындағы кәсіпорындарының әскери-техникалық ынтымақтастығын ұйымдастыру.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі заңмен белгіленген тәртіппен :

бір апта мерзім ішінде Кәсіпорынның Жарғысын әзірлеп, бекітсін және оның мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін;  
Кәсіпорынның жарғылық қорын қалыптастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі кәсіпорын мемлекеттік тіркеуді заңмен белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК